



**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 10 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І  
2014 жылғы 17 ақпан**

***Айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетел валютасын теңгеге сатып алу бағамының сату бағамынан белгіленген ауытқу шектерін бұзу жөніндегі ҚР Ұлттық Банкінің шаралары мен санкциялары туралы***

***(алдын ала қорытындылар)***

Уәкілетті банктердің және уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттері жүргізетін, қолма-қол шетел валютасымен операциялар бойынша алыпсатарлықты болдырмау мақсатында ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының «Айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша АҚШ долларын және еуроны теңгеге сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектерін белгілеу туралы» 2014 жылғы 11 ақпандағы № 18 қаулысы (бұдан әрі – Қаулы) қабылданды.

17 ақпандағы таңертеңгі жағдай бойынша ҚР Ұлттық Банкі «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы ҚР Заңы 62-бабының 3-тармағына сәйкес Қаулыны сақтау мәселелері бойынша 391 жоспардан тыс тексеру жүргізді. Тексерулер Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық органдарында тіркелді.

Қаулыны сақтамаудың анықталған фактілері бойынша ҚР Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдары Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы Кодексі 188-бабының 3-бөлігі бойынша жалпы сомасы 2,8 млн. теңгеге айыппұлдар түрінде 10 әкімшілік жаза қолданды.

Сонымен қатар «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2005 жылғы 13 маусымдағы ҚР Заңына сәйкес ҚР Ұлттық Банкі аумақтық филиалдарының шешімдерімен бес уәкілетті ұйымның шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға арналған лицензиялардың қолданылуы тоқтатыла тұрды, сондай-ақ бір уәкілетті ұйымның айырбастау пунктінің тіркеу куәлігінің қолданылуы тоқтатыла тұрды.

Уәкілетті банктерге (олардың филиалдарына) қатысты материалдар ҚР Ұлттық Банкіне «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы ҚР Заңына сәйкес шектеулі ықпал ету шараларын және санкцияларды қолдану мәселесін қарау үшін жіберіледі.

ҚР Ұлттық Банкі лауазымдық міндеттерді лайықсыз орындауға байланысты ҚР Ұлттық Банкі филиалдарының екі лауазымды тұлғасын лауазымынан босату туралы шешім қабылдады.